



**«Тұрмыстық зорлық - зомбылық және  
оның алдын алу»  
ата-аналармен профилактикалық кездесу**



№74 жалпы білім беретін орта мектеп

Бекітемін  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары: Жанай Разакова Ж.А  
«14» 09 » 2022ж



*«Отбасы құндылықтағының баға  
өтініндең таңызы»*

*Отбасын ескітау педагоги Әйнәнәева Бибінғұл Әбдішукінқызымен көздеу*

Ұйымдастыруши: ДТІЖО: Разакова Ж.А  
Алдабергенова Г.Б  
Әлеуметтік педагог: Елекеева Ж.А  
Психолог: Әбдімұрат Ж.Ә

## *«Отбасы құндылықтарының бала өміріндегі маңызы»*

Фанфар

Тренинг: «Менің атым.... Мен өзімді осы қасиетім үшін жақсы көремін»

Мектеп психологы Ж.Ә.Әбдімурат

1-жүргізуши:

Халық арасындағы «Отан отбасын басталады» деген қағидага айналған сөз қай кезде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Отбасы - кез келген адам өмірінің ең маңызды бір бөлігі. Өйткені, ол белгілі бір әлеуметтік институт. Тәрбиенің негізі жанұядан бастау алатындыктан, оған немікүрайлылық таныту мүмкін емес.

2-жүргізуши:

Казакта «Ұяда не көрсөн ұшқанда, соны ілерсін», «Ата көрген, оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатының үгуга болады. Ұлт болашағында отбасы ең басты тұғырды иеленеді. Осы орайда отбасы құніне арналған «Отбасы-бақыт мекені» алталағының жоспарына сай «Отбасы құндылықтарының бала өміріндегі маңызы» атты кездесуге қош келдініздер.

Алғашкы сөз кезегін мектеп директоры А.Б.Қонысбайұлына береміз.

1-жүргізуши:

Бүтін бізде қонақта – «Алтын алқа», «Қазақстанның Құрметті азаматы» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Республикасының сот жүйесінің 30 жылдығына орай «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» мерекелік медалі, «Патриоттық белсенділігі үшін», «Абай Құнанбайұлы 175 жыл», «Ұстаз ұлы тұлға», «Өнерге қосқан үлес үшін» медальдарының иегері, есімі «Қазақстанның ең үздік әйелі» энциклопедиясына енген, «Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі жанындағы аналар мүшесі, «Анага тағым» отбасын сақтау орталығының тәжірибелі медиаторы Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкіркызы. Бүтінгі кездесуді Отбасы құніне орай үйімдастырып отырмыз. Сөз кезегін өзінізге береміз.

2-жүргізуши:

Отбасылық құндылықтарының мәуелі бәйтерегі ол-ана. Анадан алынған тәлім-тәрбие өмір бойына созылады. Жанұядагы ана орны ерекше болып қалмақ: «Ол алғашкы қүннен бастап, басты борышын, яғни тәрбие жұмысын атқарады». Бойларымызға жақсылықты дарытқан, мардымды істер жасауға дагдыландырган барша аналарға мың алғыс айта отырып Бибігүл Әбдішүкіркызы осы жөнінде сіздің пікіріңізді тыңдағымыз келіп отыр.

1-жүргізуши:

Шаңырак құндылықтарының екінші бір сатысы жақындарымен жалғасын табады. Мәселен, жанұядагы ата мен әженің рөлі де айрыкша. Олардың дүниеге деген көзқарастары мен өзіндік талғамдары жасы кіші балага өнеге болары анық. Тәлім-тәрбиенің негізі ата-анадан кейін кастарындағы жақын адамдардан үлгі алу арқылы қалыптасады, өзіндік жеке ұстанымдарды дамытуға септігін тигізеді. Осы орайда отбасындағы тәрбиеге ата-әженің қаншалықты маңызды рөл атқаратыны жөнінде Бибігүл Әбдішүкіркызы ойынызды айтып өтсөніз.

2-жүргізуши:

Ата-ана қаншалықты жұмысбасты болып, шаршап-шалдығып жүрсе де бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Балага әке мен ананың бірдей көніл бөлуі әбден қажет. Бибігүл Әбдішүкір қызы сіздің медиатор ретінде қанша отбасын сақтап қалуга септігініз тиді? Өз тәжірибеліңізді айтсаныз.

1-жүргізуши:

Отбасы құндылықтарына негізделген салт-дәстүрлерді ұлықтау - әр шаңырактын өзіндік міндеті болып саналады. Кез келген жанұның өзгелерден ерекшеленетін құндылықтары болады. Олар бұрыннан келе жатқандар немесе жанадан пайда болғандар да болуы мүмкін. Алайда, отбасыдағы құндылықтардың негізі маҳаббаттан, сенімнен, өзара түсіністіктен бастау алып, алдағы өмірде де жалғасын табады десем, жаңылысқандық болмас. Осы ретте ата-аналарга сауал қойғым келіп отыр. Сіздің отбасыңызда қандай ерекше құндылық (кағида) бар?

1-жүргізуши: Отбасының берекесін арттыратын ең маңызды, басты 5 құндылық? Сіз осы құндылықтарды отбасыңызда ұстанасыз ба?

2-жүргізуши: Отбасын неше жаста құрган дұрыс?

1-жүргізуши: Қоғамда ажырасу фактілері көп белең алыш жатыр, соның себебі неде?

2-жүргізуши: Енді кезекті бейнероликке берсек (осы бейнеролик арқылы қандай ой түйдініздер)

1-жүргізуши:

Бүтінгі біздің мектебімізге алтын уақытыңызды бөліп, аса құнды ақыл-кенестерізben бөліскенізге алғыс айта отырып әсем ән жолдаймыз. Музыка пәні мұғалімі Нұрсұлтан Сәкенұлы «Ана жаным» әнімен.

Мектеп психология Ж.Ә.Әbdімұрат

Бүтінгі кездесуді әдемі көңіл-күймен аяқтасақ.

Тренинг: «Біз сізге ... тілейміз. Ал сіз ше?»  
(конакқа сыйлық табыстау)

2-жүргізуши:

Жанұя - жеке құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы. Әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тәрбиенің жогарғы ұлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы негізде отбасынан жалғасын табатын құндылықтар негіздерін ұмыт қалдыrmай, жанғыра түсейік, рухани болмысымызды жоғалтпайык!

## Анықтама

Актөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі  
Отбасы күніне арналған «Отбасы-бақыт мекені» апталығының жоспарына сәйкес  
өткізілген «Отбасы күндыштықтарының бала өміріндегі маңызы» тақырыбындағы кездесу

Қыркүйек айының 14-күні «Отбасы-бақыт мекені» апталығының жоспарына сай «Отбасы күндыштықтарының бала өміріндегі маңызы» тақырыбында «Алтын алқа», «Қазақстанның Құрметті азаматы» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Республикасының сот жүйесінің 30 жылдығына орай «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» мерекелік медалі, «Патриоттық белсенділігі үшін», «Абай Құнанбайұлы 175 жыл, «Устаз ұлы тұлға», «Өнерге қосқан ұлесі үшін» медальдарының иегері, есімі «Қазақстанның ең үздік әйелі» энциклопедиясына енген, «Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі жаңындағы аналар мүшесі, «Анаға тағым» отбасын сактау орталығының тәжірибелі медиаторы Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкіркызымен кездесу өткізілді. Шақырылған қонақ пен катар мектептің ата-аналар комитетінің мүшелері де қатысты. Мектеп психологи Ж.Ә.Әбдімұрат шақырылған қонақтарды таныстыру мақсатында «Мениң атым ... . Мен өзімді осы қасиетім үшін жақсы көремін» тренингін үйимдастырды. Кедесу барысында отбасындағы бала тәрбиесі, әкениң аナンЫң рөлі қандай болуы керек жөнінде әңгіме қозғалды. Ә.Б.Әбдішүкіркызына ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып ойы тындалды. Кездесу сонында Ә.Б.Әбдішүкіркызы отбасы күндыштықтары туралы кітапшаларын мектеп кітапханасына тарту етті. Алтын уақыттарын бөліп, аса қунды ақыл-кеңестерімен бөліскең қонақтарға алғыс айта отырып музика пәні мұғалімі Нұрсұлтан Сәкенұлы «Ана жаным» әнін тарту етті. Мектеп психологы кездесу сонын «Біз сізге ... тілейміз. Ал сіз ше?» тренингімен аяқтап мектеп тарапынан кездесу қонағына сыйлыққа А.Құнанбайұлының «Сонғы жылдардағы өлеңдері» кітабын табыс етілді.



Үйимдастырушылар: ДТДЖО – Разакова Ж.А

Алдабергенова Г.Б


Мектеп психологы: Ж.Ә.Әбдімұрат

Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева

Актобе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі

Бекітемін  
№74 ЖББОМ директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Ж.А.Разакова Жаныбай  
«16 » 11 2022 ж

**«Қылмыстық және әкімшілік  
құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік»  
профилактикалық әнгіме  
(7-10 класс оқушылары арасында)**



**Жауаптылар:**  
Г.Б.Алдабергенова  
Ж.Ә.Әбдімұрат  
Ж.А.Елекеева

**«Қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін  
жауапкершілік»  
профилактикалық әңгіме**

**Мақсаты:** оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, жасөспірімдердің құқық бұзушылығын алдын-алу, қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстыру. Конституцияны т. б. құқықтық нормативтік актілерді орындаپ, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелу.

Құрметті ұстаздар және оқушылар! Бұгін сіздермен «Қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізgelі отырымыз. Мемлекетіміздің ата Заңының 1 – бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орындырылды. «Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бұгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Занды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан занды білу – заман талабы.

Бұгінгі іс-шарамызда біз жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында жиі кездесетін қылмыс түрлері мен жазалар туралы сөз қозғаймыз. Өйткені қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстық көбеюі. Ал осындай жағдайлардың алдын алу үшін, болдырмау үшін әрқайсымыз не істеуіміз қажет? Осы сұрақтарға жауап беретін арнайы мамандар шақырған болатынбыз №4 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары, полиция капитаны Жұбаназарова Алмагүл Қараашқызы және полиция аға лейтенанты Түменбаев Жұлдызбек Габдигалиевич.

(видеоматериал көрсетіледі)

**«Сенің құқығың!» баптарды еске түсіру (слайд)**

#### **14-бап**

1. Заң мен сот алдында жүрттың бәрі тең.
2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, наследіне, ұлтына, тіліне, дінге қозқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

#### **15-бап**

1. Эркімнің өмір сүрге құқығы бар.
2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиоя хакысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасаганы үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасаганы үшін ен ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хакы бар.

**16-бап**

1. Эркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.
2. Занда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясының адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.
3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (коргаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

**17-бап**

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындај жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

**19-бап**

1. Эркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету - көрсетпеуге хакылы.
2. Эркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым - қатынас, тәрбие, оку және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

**22-бап**

1. Эркімнің ар - ождан бостандығына құқығы бар.
2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауга немесе оларды шектемеуге тиіс.

**Қорытынды.** Сонымен, қылмыс – бұл Қылмыстық кодекспен тыыйм салынған қоғамға қауіпті іс - әрекет.

Барлық қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай төртке бөйнеді: онша ауыр емес қылмыс, орташа ауыр қылмыс, ауыр қылмыс және аса ауыр қылмыс.

Қылмысқа қатысу, бірнеше адамның біртұтас қоғамға қауіпті нәтижеге жету үшін өз күш әрекеттерін біріктіруін білдіретін қылмыстық әрекеттердің ерекше нысаны. Қылмысқа қатысу тек қасақана қылмыстарда ғана болады, қылмысқа қатысушылардың барлығы қасақаналықпен әрекет етеді. Қылмыс жасау салалары – бұл адамның қылмыстық қасақана жүзеге асыруының белгілі бір сатылары болып табылады.



**«Қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін  
жауапкершілік» тақырыбындағы профилактикалық әңгіменің  
анықтамасы**

20 қараша – Халықаралық балаларды көргау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында апталық жоспары құрылып бекітілді. Жоспарға сәйкес 26 қараша №4 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмагандар істері жөніндегі участекілік полиция инспекторлары, полиция капитаны Жұбаназарова Алмагұл Қарашқызы және полиция аға лейтенанты Туменбаев Жұлдызбек Габдигалиевчітің қатысуымен 7-10 класс оқушыларына «Қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізілді.

Кездесу барысында полиция қызметкерлері оқушыларға келенсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында кез келген құқықбұзушылық үшін жауапкершіліктің, жазаның бар екендігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп арнайы видеоматериалдар көрсетілді. Оқушылардың сауалдарына жауап берілді.

**Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева**